Автоматтандырылған өткізу қабілеті бойынша өткізу қабілеті 10, 50, 100 және 200 мың м<sup>3</sup>/сағ болатын негізгі қатарға және өткізу қабілеті 1, 5, 25 және 150 мың м<sup>3</sup>/сағ болатын қосымша қатарға (модификацияларға) бөлінеді. Өткізу қабілеті газ тарату стансасының кірісіндегі 2МПа қысымға негізделген.

Өткізу қабілетіне, тұтынушылар санына және кіріс пен шығысындағы газ параметрлеріне (қысым, температура, ылғалдылық және басқалар) қарамай барлық газ тарату стансаларының құрамына мынандай негізгі блоктар кіреді: ажыратып-қосу; газ тазарту; гидрат түзілуді болдырмау (қажетті жағдайда); газ қысымын автоматты түрде реттеу; газ шығынын өлшеу; газды автоматты түрде иістендіру (одоризация) блоктары. Төменде өткізу қабілеті 25-100 мың м<sup>3</sup>/сағ болатын бір тұтынушыға арналған автоматтандырылған газ тарату стансасының техникалық шешімі (компоновка) берілген.

Құрылысты индустриалдандыру мақсатында блокты-комплекті орындалған өткізу қабілеті 10000-150000 м<sup>3</sup>/сағ шамасына есептелген автоматтандырылған газ тарату стансалары қолданылады. Мұндай стансаларда үйде отырып кезекшілік қыла алатын операторлар қызмет көрсетеді.

## **2.7 Газ тарату станциясының негізгі жабдықтары**

Газ тарату стансасының ауыстырып қосу торабы жоғары қысымды газ ағынын айналма желі бойынша автоматты реттеуден қолмен реттеуге көшіруге, сондай-ақ газды сақтандыру арматурасы арқылы тұтынушыға тарату желісінде қысымның артуын болдырмауға арналған. Ауыстырып қосу торабын жауын-шашыннан сақтау үшін жеке ғимаратта немесе қалқа астына орналастырады. Бекіту арматурасының қалыпты жағдайы – жабулы күйі. Айналма желі крандарын газ тарату стансасының қызметі пломбалайды. Сақтандыру клапандарының алдында орнатылатын үш кодты кранның жұмыс жағдайы - ашық. Жұмыс кезінде қысымның сақтандыру клапаны (тек қол жетегімен) жұмыс жағдайын тексеру жедел журналға жазумен айына бір рет, ал қысқы мерзімде 10 күнде бір рет тексеріледі. Сақтандыру клапанын қысымның артуынан тексеру және реттеу кестеге сәйкес жылына екі рет өткізіледі. БССК және ССК-ны баптау шектері - 10%-дан жоғары номиналды қысым. Қысымның сақтандыру клапандарын тексеру және реттеу тиісті актімен ресімделеді, клапандар пломбыланады және тексеру датасы мен реттеу деректері бар биркамен жабдықталады. Қысқы мерзімде арматураға, аспаптарға, ауыстырып қосу тораптарына өтетін жерлер міндетті түрде қардан тазаланады.

Газ тарату стансасында газды механикалық қоспалардан тазарту үшін арнайы талшықты сүзгіштер орнатылады, ал реттеу блогында талшықты және торлы бұрыштық сүзгіштер қойылған. Бұл сүзгіштер газды жақсы

тазалайды және конструкциясы пайдалануға ыңғайлы. Өнеркәсіпте тұрқысы шойыннан құйылған шартты диаметрі 80, 100, 200 мм болатын өткізу қабілеттілігі 100 000 м<sup>3</sup>/сағ жететін сүзгіштер шығарылады.

Газ үлестіру стансасындағы газды тазарту үшін газды дайындайтын әр түрлі шаң – ылғал тұтқыш құралдар қолданылады. Газ тарату стансаларында газды конденсаттан және ылғалдан тазалайтын сұйықтықты ыдысқа автоматты түрде құятын құрылғылар орнатылады. Бұл сұйықтықтар жиналған бойда газ тарату стансалары аумағынан шығарылып отырады.

Қорғау, автоматты реттеу және басқару жүйелерінің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін импульстік және командалық газ кептіріліп, тазаланады. Бақылау және өлшеу құралдарын және автоматиканы өлшеу жүйелерінде газды кептіру мен тазалауға арналған құралдарды пайдаланған кезде қолданылатын шаралар:

- үрлеу арқылы аспап пен жабдықтың қуысын үнемі бақылау және тазарту;

- газ дайындау құрылғыларының жұтқыш және сүзгіш элементтердің күйін көзбен шолып бақылау;

- резервтегі жабдықты іске қосу және жұтқыштарды қалпына келтіру арқылы құрылғының сүзгіш және жұтқыш элементтерін үнемі ауыстырып отыру.

Дренажды және ағызып жіберу желілері, бекіту арматурасы қатып қалудан сақталады. Сұйықтық жиналатын сыйымдылықтар жерлендіріледі. Аппараттардың ішкі қабырғаларын жару, тексеру және тазарту бойынша газ қаупі бар жұмыстар, пирофор қалдықтары болған жағдайда тазарту олардың жануына мүмкіндік бермейтін шараларды көздейтін нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Пирофор қосылыстары өздігінен жанып кетпеу үшін тазалау аппараттары алдын ала сумен немесе бумен толтырылады. Аппарат қабырғаларын ашу, тексеру және тазарту кезінде оны көп сулау керек. Құрамында пирофор темірі бар аппараттан алынатын шөгінділер металл су құйылған ыдысқа жиналады, ал жұмыс аяқталғаннан кейін газ үлестіру стансасының аумағынан дереу шығарылып, өрт және экологиялық жағынан қауіпсіз, арнайы бөлінген жерге көміледі.

Гидрат түзілімдерін болдырмау үшін мына шаралар қолданылады:

- газды жалпы немесе ішінара жылыту;

- қысым реттегіштердің корпустарын жергілікті жылыту;

- газ құбыры коммуникацияларына метанолды енгізу.

Газ тарату стансасында газды редукциялау (төмендету) төмендегідей жүзеге асырылады:



- бір үлгілі тіреу-реттеу арматурасымен жабдықталған өнімділігі бірдей екі кеміту желісі арқылы (бір жібі - жұмыс істейтін, екіншісі - қосалқы);

- бір үлгілі тіреу-реттеу арматурасымен жабдықталған үш кеміту желісі арқылы, оның 2 жібі (әрбіреуінің өнімділігі - 50%) жұмыс және бірі - қосалқы (өнімділігі - 100%);

- үш кеміту желісін пайдаланумен, бұл ретте 3 желінің әрқайсысына өнімділігі 35-40% (3 желі), реттеуге келмейтін дроссель құрылғысы және реттеу кранымен жарақталған айналмалы желі қолданылуы мүмкін.

Газдың қысымын реттеу РДУК типті екі бақылау қысым реттегіштері арқылы жүзеге асады. Әр ағынның өзінің клапан-бөлгіштері болады. Шығысындағы газ қысымы тұрақты, ол кірістегі газ қысымы мен газ ағынының қалай берілетіндігіне байланыссыз болады. Қысым реттегіштердің орналасуы оларды құбырөткізгіштен бөліп алмай-ақ қызмет көрсетуге мүмкіншілік береді. Әр ағын минималды кірістегі қысымның өзінде максимал беріліске есептелген. Қысымды реттеу сызығындағы автоматика әр ағындағы артық қысымның болмауынан үш бірінен бірі байланыссыз қорғанысты қамтамасыз етеді.

Қысым реттегіш немесе реттеу клапанының шартты диаметрі кеміту желілерінің санын ескерумен нақты өнімділікке сәйкес келеді. Реттегішті қосу және ажырату осы қысым реттегішті пайдалану нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі. Реттегіштің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін берілген қысымды, командалық газдың тазалану дәрежесін, реттегіште бөгде шудың болуын, сондай-ақ реттегіш қосылыстарында саңылаудың болмауын бақылап отыру керек. Қорғау автоматикасы жүйесін қолданған жағдайда әрбір кеміту желісі пневможетегі бар крандармен жабдықталады, олар атқару тетіктері ретінде қолданылады. Газды редуциялау желілері ажырату біліктерімен жабдықталады.

Газды есепке алу торабы газды коммерциялық есепке алуға арналған. Газ шығынын өлшеуде тораптың техникалық орындалуы нормативтік құжаттамаларға сай келеді. Газ шығынын өлшеу торабына қызмет көрсету кәсіпорынның басшылығы бекіткен нұсқаулықтар арқылы іске асырылады. Газ шығынын нақты өлшеу үшін көрсеткінің қайта қойылған диаграммасының нөлдік деңгейіндегі қалпын бақылап, газды есепке алу торабының өлшеу және қосылу желілері конденсатынан үрлеу жұмыстары жүргізіледі. Газ шығынын өлшеу торабын пайдаланған кезде барлық бақылау-өлшеу құралдары кезекті метрологиялық тексерістен өтеді. ТК ғимаратының бірінші реттегі датчиктер және екінші реттегі құралдар жайында  $\pm 5$  градус ауытқумен  $+20$  градус ауа температурасын қамтамасыз ететін жылыту жүйесі болады. ТК жайында ағынды-тарту желдеткіш жүйесі, қажет болса, ауа баптау жүйесі қарастырылады. ТК электржабдықтау жүйесінің үйлестіру аймағы жарылысқа қауіпсіз болып табылады.

Газды одоранттау торабы тұтынушы иіс арқылы газдың ағып жатқанын сезіну үшін қолданылады. Газ тұтынушыларға «Магистральдық газ құбырлары арқылы жеткізілетін және тасымалданатын жанатын табиғи газдар» ҚР 1666 М сәйкес беріледі. Газды одоранттау үшін газ тарату стансаларында орнатылған одоранттау құралдары қолданылады. Одорант ретінде этилмеркаптандар ( $16 \text{ г}/1000 \text{ м}^3$ ) немесе олардың басқа қоспаларын қолдануға болады. Бұл қоспаларда газда аз шоғырланғанда жағымсыз иісі болады және қалыпты температурада жеңіл буланады. Иістендіргіштер 2-сыныпты қауіпті заттарға жататындығын, ал одоранттау құралдары бар бөлмелер мен қоймалар жарылуға қауіпті екендігін ескеру қажет. Газды одоранттау және оны сақтау жайларының едені сұйықтықты сіңірмейтін материалдан жасалады. Одоранттау қондырғылары орналасқан бөлмелерде және одорант сақтайтын жабық қоймаларда магистральдық газ құбыры желілік-өндірістік басқармасының басшылығы бекіткен кесте бойынша ауа құрамында көмірқышқылды газ бен одорант буының болуына талдау жүргізіліп отырады. Одорант күн сәулесінен және жылыту құралдарының қыздыруынан сақтайтын герметикалық жабық ыдыстарда сақталады. Одоранттау жайына және одорант қоймасына газтұтқыш киіп кіреді. Егер бұл бөлмелерде желдеткіштер үнемі істеп тұрмаса, қызметкерлер кірер алдында 15 минут бұрын механикалық тартпа желдеткіші қосылады және ол қызметкерлер бөлме ішінде болған кезде қосылып тұрады. Одорантпен байланысты жұмыстарды газтұтқыш, резеңке етіктер, резеңке қолғаптар және резеңке қосылған алжапқыштарды киіп қана жүргізу керек. Одорантпен жұмыс істеу газ қауіпті болып саналады. Одорант бар бөшкелерді ұшқын ұшырмайтын құралмен ашқан жөн. Жабық бөлмеде одорант бар бөшкені ашуға және басқа бөшкеге құюға тыйым салынады. Бөшкенің сыртқы қақпағын ашқаннан кейін қақпақ арасында пайда болатын пирофордың жануын болдырмау үшін ішкі қақпақ айналасына дымқыл мата төселеді. Одорантты бөшкеден жерасты сыйымдылыққа кем дегенде үш адамнан тұратын топ жабық күйінде құяды.

Бекіту арматурасы технологиялық құбырларды, аппараттарды, ыдыстарды өшіруге арналған. Пайдалану барысында арматура кестеге және нұсқаулыққа сәйкес бекіту торабының саңылаусыздығын, жеңілдік деңгейін және ысырманың жеңіл қозғалуын анықтау үшін жүйелі түрде сынамадан өткізіліп тұрады. Бекіту арматурасы бір кісінің күшімен тірелгенше басу арқылы ашылады. Бекіту арматурасын құбырларды, ілмектерді, сүймендерді қолданумен ашуға рұқсат етілмейді.

Газ тарату стансасы жұмыс істеген кезде бекіту арматурасына профилактикалық тексеру жүргізіледі: орталықтандырылған қызмет көрсету объектісінде - газ тарату стансасына келген сайын, ал мерзімді, үй жағдайында және вахта объектісінде қызмет көрсету жағдайында - аптасына бір рет тексеру жүргізіледі.

Крандар, ысырмалар және вентильдерде мыналар болады:

- технологиялық желіге сәйкес нөмірі көрсетілген жазбалар;
- ашу және жабу бағытын көрсететін көрсеткілер;
- газ (сұйықтық) қозғалысы бағытының көрсеткілері.

Жабық кранды саңылаусыз ету және тығынның бұралуын жеңілдету үшін ашу кезінде технологиялық ауыстыруларға қатысатын крандарға тығыздайтын май жағылады. Тығыздау жүйесі бүлінген бекіту крандарын қолдануға тыйым салынады. Бекіту крандарын және ысырмаларды реттейтін немесе дроссельдік құрал ретінде қолдануға тыйым салынады (айналмалы желіде бекіту арматурасын қолдану бұл талапқа бағынбайтын шарт болып табылады).

Бізде қолданылатын сүзгіш фланецті немесе муфталық қосылысты және шойын тұрқыдан тұрады. Сүзетін элемент болып металл тормен керілген стакан табылады. Тор ұяшықтарының өлшемдері 0,4-0,5 мм және олар диаметрі 0,25 мм сымдардан жасалған. Стаканды тұрқыға орнатып, бұрандалы қақпақпен жабады. Штуцер арқылы өлшенетін тордан өтетін газ қысымының құлауы 0,001 МПа-дан аспауы керек. Жалпы қысымды түсіру тұрқыдағы (30-40%), стакандағы (50-60%) және сүзгіш тордағы (1-2%) жоғалулардан жиналады. Газдың ластану дәрежесін сүзгіштің ластануынан білуге болады. Қысым айырмасы үлкен болса, қақпақты ашып сүзгішті тазалайды немесе ауыстырады.

1 кесте - Негізгі жабдықтардың техникалық сипаттамалары, саны және тізімі

| Параметр                           | Өлшем бірлігі       | Мәні             |
|------------------------------------|---------------------|------------------|
| Қысым реттеу торабы                |                     |                  |
| Позициясы                          |                     | I                |
| Түрі, маркасы                      | GDS-20              | «Francel-Fisher» |
| Өнімділігі                         | м <sup>3</sup> /сағ | 20000            |
| Есептік қысымы                     | МПа                 | 6,0              |
| Есептік температура                | °С                  | -45 +50          |
| Гидросынақ қысымы                  | МПа                 | 9,0              |
| Кірістегі қысым P <sub>вх</sub>    | МПа                 | 1,6-5,5          |
| Шығысындағы қысым P <sub>вых</sub> | МПа                 | 0,3-1,2          |

|                     |                |                  |
|---------------------|----------------|------------------|
| Масса               | кг             | 6800             |
| Саны                | дана           | 1                |
| Есептеу сызығы      |                |                  |
| Позициясы           |                | II               |
| Түрі, маркасы       |                | «Francel-Fisher» |
| Есептік қысымы      | МПа            | 1,2              |
| Жұмыстық қысымы     | МПа            | 0,3-1,2          |
| Параметр            | Өлшем бірлігі  | Мәні             |
| Есептік температура | °С             | -45 +50          |
| Гидросынақ қысымы   | МПа            | 1,8              |
| Масса               | кг             | 3500             |
| Саны                | дана           | 1                |
| Одоризатор          |                |                  |
| Позициясы           |                | III              |
| Түрі, маркасы       |                | «Francel-Fisher» |
| Есептік қысымы      | МПа            | 1,2              |
| Жұмыстық қысымы     | МПа            | 0,3-1,2          |
| Есептік температура | °С             | -45 +50          |
| Гидросынақ қысымы   | МПа            | 1,8              |
| Сыйымдылығы         | м <sup>3</sup> | 1                |
| Саны                | дана           | 1                |
| Иістендіргіш ыдысы  |                |                  |
| Позициясы           |                | IV               |
| Түрі, маркасы       |                | бұрынғы          |
| Есептік қысымы      | МПа            | 0,07             |
| Гидросынақ қысымы   | МПа            | 0,09             |
| Орта                |                | иістендіргіш     |

|                          |                |               |
|--------------------------|----------------|---------------|
| Геометриялық көлемі      | м <sup>3</sup> | 5             |
| Жұмыстық көлемі          | м <sup>3</sup> | 2             |
| Дренаждық ыдыс (бұрынғы) |                |               |
| Позициясы                |                | V             |
| Түрі, маркасы            | Дренаждық ыдыс | Бұрынғы       |
| Есептік қысымы           | МПа            | 0,07          |
| Гидросынақ қысымы        | МПа            | 0,09          |
| Орта                     |                | Конденсат     |
| Орта сипаттамасы         |                | Белсенді емес |
| Геометриялық көлемі      | м <sup>3</sup> | 5             |
| Жұмыстық көлемі          | м <sup>3</sup> | 2,5           |

Негізгі жабдықтардың техникалық сипаттамалары, саны және тізімі 1-кестеде келтірілген.

## 2.8 Газ тарату станциясының көмекші жүйелері

Автоматты газ тарату стансасына қызмет көрсететін персонал мен диспетчерлік пункт арасындағы байланысты кіші габаритті байланыс құралдары арқылы жүзеге асырады.

ГТС-ының апаттық жағдайларында қызмет көрсететін персонал жарылыс қауіпсіз орындалған қолшамдары арқылы жарықтандырады.

Найзағай сымдары мен статикалық электр тогынан қорғайтын жерлендіру сымдары майлы сырлармен сырлануы тиіс.

Қызмет көрсететін персонал найзағай сымдары мен статикалық электр тогынан қорғайтын жерлендіру сымдарының дұрыс жағдайда болуын қадағалап, оған жауап беруі керек.

ГТС-ының жабдықтары қоршаған орта температурасы  $-45^{\circ}\text{C}$ -дан  $+50^{\circ}\text{C}$ -ға есептелгендіктен және келетін газ шық нүктесіне (қыста  $-20^{\circ}\text{C}$ , ал жазда  $-13^{\circ}\text{C}$ -ға) дейін құрғатылғандықтан газды қыздыру жүйесі қажет емес.

Петропавл қаласындағы газ тарату стансасын салу жобасы электрмен камтамасыз ету тармағы келесі құқықтық құжаттарға сәйкес жасалған:

-технологиялық жобалау межелері. Магистралды құбырөткізгіштер. ТЖЖМ 51-1-03;

-электр жабдықтарын орнату ережелері. ЭЖОЕ-03;

-өндірістік өнеркәсіптерді электрлендіруді жобалау ережелері. СН 174-02;

-өндірістік өнеркәсіптердегі күштік электрқондырғыларын жобалау ережелері. СН 357-01;

-ғимараттар мен имараттардағы найзағайдан қорғағышты орнату ережелері. РД 34.21.122-05;

-«электртехникалық қондырғылар». ҚМЖЕ 3.05.06-03;

-Мұнай кен орнындағы мұнай, газ және суды жинау, тасымалдау және дайындаудың объектілерін жобалаудың технологиялық межелері. ВНТП-3-03;

ХЭК (IEC). Халықаралық электртехникалық стандарттар жүйесі.

Жобада электр энергиясын қысымды реттеу блогыдағы бақылау-өлшеу құрылғылары және ішкі жарықтандыруды қамтамасыз ететін жарықтандыру құрылғылары тұтынады. Токқабылдағыштардың орнатылған қуаты 2,0 кВт. Газ тарату стансасының 380/230 В кернеулі электр энергиясы электрмен қамтамасыз етудің III категориясымен қамтамасыз етілген.

Автоматты газ тарату стансасының сыртқы электрмен қамтамасыз етілуі қуаты 25кВт 6/0,4 кВ трансформаторлы подстансасымен қамтамасыз етіледі.

Подстансадан алынатын ток негізгі тарату тақтасына беріледі. Қысымды реттеу блогына берілетін сызық күштік кабельді кабель арнасына салу арқылы жүргізген. Тұтынылған электр энергиясының көлемін трансформаторлы подстансада орнатылған есепке алу құрылғысы арқылы өлшейді.

Күштік электржабдықтары және электрмен жарықтандыру ғимарат классификациясына байланысты жарылыс немесе өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жобаланған.

Қысымды реттеу блогының электр қабылдағыштарын (бақылау-өлшеу құрылғылары және автоматика) электрмен қамтамасыз ету үшін жобада жаңа жер асты арналарының құрылысы қарастырылған.

Кабельдерді параллель орналастырған кезде күштік кабельдерді басқару және сигнализация кабельдерінен отқа төзімді бөлгіштермен оқшаулау керек. Ашық жерге төселген кабельдер көлеңкедегі ауа температурасына, ал жер астына төселген кабельдер үшін термиялық кедергі және топырақ температурасы есептелген.

Кабельдер мен өткізгіштердің көлденең қималары кернеуді жоғалтуды есептеп, өткізгіштердің қысқа тұйықталуынан және жүйенің зақымдалған бөліктерінен ажыратылатынындай етіп таңдалынып алынған.

Кернеуі 1000 В дейінгі күштік кабельдер және бақылау кабельдері көп тармақты полихлорвинил ққшаулағышты мыс өткізгіштен қабылданған. Оның сыртында полиэтилен қабығымен (өрт таралмайды) қапталған және болат сымдармен оралған.

Арналарға кабельдерді құмды төсеніш үстіне салып, оның үстінен де құм төсейді.

Автоматты газ тарату стансасының территориясын биіктігі 10 метр болатын бөлек бағаналарда орнатылған жарылыс немесе өртке қауіпсіз орындалған шамдармен жарықтандыру жүзеге асырылады.

Қысымды реттеу блогын жарықтандыру үшін жарылысқа қауіпсіз люминесцентты шамдар қолданылады. Жарықтандыру арматурасы ~230В, 50 Гц ауыспалы тогымен қоректенеді.

Петропавл қаласындағы газ тарату стансасын салу жобасының автоматтандыру бөлігі бас жоспар, технологиялық жобалық шешімдер негізінде жасалған.

Жобада газдың кірістегі және шығыстағы қысымының мәндерін тіркеу, газ мөлшерін есепке алу орындалады.

Операторлар бөлмесінен газ қысымын бақылап отыру үшін қысымды реттеу торабында үш (біреуі газдың кірісінде, екеуі шығысында орнатылады) электрконтактілі ДМ типті өртке қауіпсіз манометр орнатылған. Бақылау желілерін тармақтау үшін бақылау кабелінің кірісінде орнатылатын қорапша қойылған. Қысымды реттеу блогында сигнализация кабельдерін мыс тармақты өткізгішпен ПВ 1x2,5 мм құбыршада бекітеді.

Сигналдарды жеткізу үшін электржабдықтары мен бақылау-өлшеу аспаптары иматаратынан операторлар бөлмесіне дейін тартылған кабель қолданылады.

Модуль барлық аспаптармен жинақталып алынып келінген, олардың басым бөлігі орнатылған, тек есепке алу компьютері ғана орнатылмаған.

Есепке алу торабының құрамына бір сызық бойына орналасқан және компьютерлік және қол режимінде тіркеу жасайтын диафрагмалы өлшеуіш кіреді. Өлшеу диафрагма көмегімен жүзеге асырылады. Торапқа қысқы және жазғы диафрагмалармен қамтамасыз нтілген, бұл маусым сайын ауысыатын газ ағымын өлшеуде дәлдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Өлшеуіштің түрлендіргіштері жарылысқа қауіпсіз орындалады және технологиялық жабдықтардың диафрагмасында орналастырылады.

Газ мөлшері компьютерде және бақылау - өлшеу аспаптары оператор журналында жазылады. Сүзгіш торабы сүзгідегі қысымның түсуін болдырмау үшін дифференциалды қысым индикаторымен жабдықталған.

Қондырғы ағын қысымын төмендететін екі бірдей құрылғыға жобаланған. әр ағын кірістегі минимал қысымның өзінде максимал өткізуге жобаланған. Бір ағын жұмыс ағыны, ал екіншісі күту режиміндегі ағын болып есептеледі. Қалыпты жұмыс режимінде жұмыс ағыны іске қоулы болады да, екінші (күту ағыны) тоқтап тұрады. Егер де жұмысшы ағын істен шығатын болса, қондырғы екінші ағын автоматты түрде іске қосылатындай етіліп жобаланған, себебі, екінші ағынның техникалық келтірулері жұмысшы ағынның келтірулеріне қарағанда өзгеше болғандықтан.

Қысымды реттеу екі сатыдан тұрады:

-кірістегі реттегіш клапанда аралық қысым ( $P_a$ ) мәніне дейін;

-шығыстағы реттегіш клапан көмегімен шығыстағы қысым ( $P_{ш}$ ) мәніне дейін төмендету.

Егер де кез-келген реттегіш клапанның бірі істен шығатын болса, ағындағы қысымның реттелуі басқа реттегішпен автоматты түрде орындалады.

Егер ол клапан да істен шығатын болса, онда шығыстағы қысым жапқыш клапанның жабылып қалу шамасына дейін көтеріледі де, содан соң ағын жабылады. Бұл дегеніміз шығыстағы құбырды өте үлкен қысымнан қорғайды. Сосын шығыстағы ағын қысымы түскеннен соң күту режиміндегі ағын автоматты түрде іске қосылады. Қондырғы іске қосылар алдында Ұлттық экспертиза және сертификация орталығының инспекторының қатысуымен тексерілуі керек.

## 2.9 Гидравликалық сынақ

ГТС технологиялық құбырларының құрылысы аяқталған соң беріктілік пен бүтіндікке тексеру үшін гидравликалық сынақ жүргізіледі.

ГТС технологиялық құбырларының гидравликалық сынауы ҚМЖЕ III – 42 – 00 және ҚМЖЕ 3.05.05 – 03 сәйкес жүргізіледі.

Осы кезде сыналатын құбыр бөлігі сынау қысымы  $P_{пр}=9$  МПа қысымда 5 минут уақыт ұсталады. Содан кейін қысым жұмыстық қысымға дейін төмендетіліп құбырдың бүтіндігі тексеріледі.

Төмен қысымды құбыр бөлігінің  $P_{пр}=1,8$  МПа сынау қысымында 5 минут уақыт ұсталады. Содан кейін қысым жұмыстық қысымға дейін төмендетіліп құбырдың бүтіндігі тексеріледі.

Беріктікке сынау аяқталған соң төмен және жоғары қысымды құбыр бөліктері  $P_{пр}=P_{жұм}$  сынақ қысымымен 12 сағат бойы сыналады. Осы кезде дәнекер тігістерінің, фланецтердің, бітеу арматурасының құбырөткізгіш элементтерінің тексеруі, бөгде дыбыстарға тыңдалуы уақытылы жүргізіліп



отырылуы тиіс. Құбырөткізгіштің жарықшақтануы, формасының өзгеруі немесе т.б. жіберілмейді.

## 2.10 Пайдалануға қабылдау

Газ тарату стансасын құрастырудан кейін бірінші рет іске қосу алдында жабдық пен станса коммуникацияларын престоуге, сақтандыру қақпақтарын, қорғау және апаттық-ескерту дабылы жүйелерін баптауға жасалған актілерінің болуы тексерілуге тиіс. Газ тарату стансасын пайдалануға беру алдында станса жайларында және газ тарату стансаларының жабдық кешеніне қызмет көрсету бағытында бөгде заттардың тұрмауына көз жеткізу қажет. Бөлменің газдануын, жанғыш материалдар, оттегі және т.б. газ баллондарының болмауын мұқият тексеру. Өрт сөндіру құралдарының дайын болуын қадағалау. Газ тарату стансасын тексеру алдындағы тексеріп қарау станса мен оның жүйелерінің жинақталуын ескерумен газ тарату стансасының инженері жасаған бағытпен жүргізіледі.

Тексеріп қарау кезінде мыналарды орындау қажет:

- жабдықтың жай-күйін және болуы мүмкін кемшіліктерді бақылау (тығыздама, фланецті және бұрандалы қосылыстардағы саңылаулар және т.б.);

- серіппелі сақтандыру клапандарында, қоршау арматурасында пломбаның бар болуын тексеру;

- бақылау-өлшеу аспаптарының іске жарамдылығын тексеру;

- крандарды қорғау автоматикасы жүйесінен және крандарды басқару тораптарынан, сондай-ақ апаттық-ескерту дабылы жүйесінен қашықтан басқару жұмысын және қосылуын тексеру;

- бекіту арматурасының жағдайын (іске қосу кезінде ашылып және жабылып отыратын қысымды реттейтін крандардың вентильдерін, ысырмаларын), сондай-ақ жеңіл және бірқалыпты жүруін тексеру;

- шаңтұтқыштардағы май деңгейін тексеру;

- крандарды ауыстыру үшін жоғарғы қысымды импульстік газдың болуын тексеру;

- метанолды құрылғыда метанолдың болуын бақылау;

- газды жылыту жүйесінің жұмысын тексеру;

- өндірістік технологиялық байланыстың іске жарамдылығын тексеру.

Газ тарату стансасын мына жағдайларда:

- қабылдау-тапсыру актісі толтырылмаған болса;

- газ тарату стансасы жүйелерінің біреуі істен шығып, жөндеуге келмейтін жағдайда (газды редуциялау, қорғау, одоранттау, авариялық ескерту дабылы, газды есепке алу аспаптары);

- газды тазалау мен құрғату деңгейі пневмоавтоматика жүйесін қоректендіру үшін салалық стандарттарға сәйкес келмесе;
- диспетчермен және тұтынушымен өндірістік технологиялық байланыс болмаса;
- өрт сөндіру құралдары жоқ болса;
- газ тарату стансаларының технологиялық газ құбырлары мен коммуникацияларының электрхимиялық қорғанысы болмаса;
- төменгі жүйелерінің газды қабылдауға дайын болуының жазбаша растауы және мемлекеттік қадағалау органдарының рұқсаты болмаса;
- дайындықтан өткен операторлар жоқ болса іске қосуға тыйым салынады.

### **3. Арнайы бөлім**

#### **3.1 Газ қоспасын есептеу**

Магистралды газ құбырына табиғи газ «Бұқара-Орал» құбырының Қарталы КС арқылы Тобыл – Тереңкөл – Петропавл бағытымен келеді. Ол табиғи газ Бұқара газды ауданында өндірілген. Осы газдың құрамы 2 – кестеде берілген.

## 2 кесте – Айдалатын газдың құрама бөліктері

| Газ               | Метан<br>CH <sub>4</sub> | Этан<br>C <sub>2</sub> H <sub>6</sub> | Пропан<br>C <sub>3</sub> H <sub>8</sub> | Бутан<br>C <sub>4</sub> H <sub>10</sub> | C <sub>5</sub> H <sub>12</sub> және<br>басқалары | Азот<br>N <sub>2</sub> |
|-------------------|--------------------------|---------------------------------------|---|---|--|------------------------|
| Көлемдік үлесі, % | 94,7                     | 2,4                                   | 0,3                                     | 0,2                                     | 0,1  | 2,3                    |

Төмендегі 3 – кестеде табиғи газ құрама бөліктерінің негізгі физикалық–химиялық қасиеттері берілген.

## 3 кесте – Айдалатын газдың құрама бөліктерінің қасиеттері

| Газ                                   | <i>M</i><br>г/моль | <i>T</i> <sub>кр</sub> ,<br>К | <i>P</i> <sub>кр</sub> ,<br>МПа | <i>V</i> <sub>кр</sub> ,<br>10 <sup>-3</sup> м <sup>3</sup> /кг | <i>c</i> <sub><i>i</i></sub><br>Дж/(кг·К) | <i>μ</i> <sub><i>i</i></sub> ( <i>P</i> <sub>н</sub> , <i>T</i> <sub>н</sub> ) |
|---------------------------------------|--------------------|-------------------------------|---------------------------------|---|---|--|
| Метан CH <sub>4</sub>                 | 16,043             | 191                           | 4,65                            | 6,17  | 2167                                      | 103  |
| Этан C <sub>2</sub> H <sub>6</sub>    | 30,07              | 306                           | 4,95                            | 4,92  | 1648                                      | 85   |
| Пропан C <sub>3</sub> H <sub>8</sub>  | 44,097             | 370                           | 4,26                            | 4,6   | 1551                                      | 74   |
| Бутан C <sub>4</sub> H <sub>10</sub>  | 58,124             | 425                           | 3,60                            | 4,39  | 1590                                      | 63   |
| Пентан C <sub>4</sub> H <sub>10</sub> | 72,151             | 460                           | 3,37                            | 3,85  | 1470                                      | 52   |
| Азот N <sub>2</sub>                   | 28,016             | 126                           | 3,39                            | 2,14  | 1045                                      | 166  |

Айдалатын газ қоспасының есептелуге тиіс негізгі физикалық–химиялық қасиеттеріне келесі параметрлер жатады:

- мөлдік масса *M*;
- псевдокрикалық температура *T*<sub>кр</sub>;
- псевдокрикалық қысым *P*<sub>кр</sub>;
- псевдокрикалық көлем *V*<sub>кр</sub>;
- тұрақты қысымдағы газдың меншікті жылу сыйымдылығы *c*;
- динамикалық тұтқырлық *μ*

Яғни әрбір бөліктің мөлдік (көлемдік) үлесі мен мөлдік массасы:

$$y_1=0,947, y_2=0,024, y_3=0,003, y_4=0,002, y_5=0,001, y_6=0,023;$$

$$M_1=16,043\text{г/моль}, M_2=30,07\text{г/моль}, M_3=44,097\text{г/моль},$$

$$M_4=58,124\text{г/моль}, M_5=72,151\text{г/моль}; M_6=28,016\text{г/моль};$$

Сонда қоспаның мөлдік массасы:

$$M = y_1M_1 + y_2M_2 + y_3M_3 + \dots = (94,7 \cdot 16,043 + 2,4 \cdot 30,07 + 0,3 \cdot 44,097 + 0,2 \cdot 58,124 + 0,1 \cdot 72,151 + 2,3 \cdot 28,016) / 100 = 16,8795 \text{ г/моль}. \quad (1.1)$$

Газ қоспасының тұрақтысы:

$$R = \frac{8314}{M} = 8314 / 16,8795 = 492,551$$

$$\text{Дж}/(\text{моль} \cdot \text{кг}). R=492,551 \quad (1.2)$$

Газ қоспасының ауаға қатысты салыстырмалы тығыздығы:

$$\Delta = M/28,96 = 16,8795/28,96 = 0,58285. \quad (1.3)$$

Газ қоспасының стандарттық жағдайдағы тығыздығы:

$$\rho_{\text{ст}} = 1,205 \cdot \Delta = 1,205 \cdot 0,58285 = 0,70234 \text{ кг/м}^3. \quad (1.4)$$

Қалған шамаларды әдетте газ қоспасының әрбір компонентінің физикалық–химиялық қасиеттері арқылы есептейді. Бұл есептеулердің бірнеше түрлі әдістері бар. Біз екі түрлі әдісті қолданамыз. Бірінші әдіс аддитивтілік қағиданы ескереді:

$$T_{\text{кр}} = 0,947 \cdot 191 + 0,024 \cdot 306 + 0,003 \cdot 370 + 0,002 \cdot 425 + 0,001 \cdot 460 + 0,023 \cdot 126 \\ = 193,539 \text{ К}; \quad (1.5)$$

$$P_{\text{кр}} = 0,947 \cdot 4,65 + 0,024 \cdot 4,95 + 0,003 \cdot 4,26 + 0,002 \cdot 3,60 + \\ + 0,001 \cdot 3,37 + 0,023 \cdot 3,39 = 4,62367 \text{ МПа}; \quad (1.6)$$

$$V_{\text{кр}} = (0,947 \cdot 6,17 + 0,024 \cdot 4,92 + 0,003 \cdot 4,6 + 0,002 \cdot 4,39 + 0,001 \cdot 3,85 + 0,023 \cdot 3,2) \cdot 10^{-3} = \\ = 6,0611 \cdot 10^{-3} \text{ м}^3/\text{кг}. \quad (1.7)$$

$$c = 0,947 \cdot 2167 + 0,024 \cdot 1648 + 0,003 \cdot 1551 + 0,002 \cdot 1590 + 0,001 \cdot 1470 + 0,023 \cdot 1045 = \\ = 2125,039 \text{ Дж}/(\text{кг} \cdot \text{К}); \quad (1.8)$$

$$\mu = (0,947 \cdot 103 + 0,024 \cdot 85 + 0,003 \cdot 74 + 0,002 \cdot 63 + 0,001 \cdot 52 + 0,023 \cdot 166) \cdot 10^{-7} = \\ = 103,799 \text{ мкПа} \cdot \text{с}; \quad (1.9)$$

Екінші әдіс бойынша құбырдағы газ параметрлерін білу керек. МГҚ үшін бастапқы параметрлер  $T_{\text{н}}=315\text{К}$  и  $P_{\text{н}}=5,4 \text{ МПа}$ , соңғы қысым  $P_{\text{к}}=3,4 \text{ МПа}$ , қоршаған орта температурасы  $T_0=271\text{К}$ . Орташа мәндері:

$$p_{\text{ср}} = \frac{2}{3} \left( p_{\text{н}} + \frac{p_{\text{к}}^2}{p_{\text{н}} + p_{\text{к}}} \right) = \frac{2}{3} \left( 5,4 + \frac{3,4^2}{5,4 + 3,4} \right) = 4,475757576 \text{ МПа}; \quad (1.10)$$

$$T_{\text{ср}} \approx \frac{1}{3} T_{\text{н}} + \frac{2}{3} T_0 = (315 + 2 \cdot 271) / 3 = 285,67 \text{ К}. \quad (1.10)$$

Қоспаның псевдокритикалық температурасы  $T_{\text{кр}}$ , псевдокритикалық қысымы  $P_{\text{кр}}$ :

$$T_{\text{кр}} = 155,24(0,564 + \rho_{\text{ст}}) = 155,24(0,564 + 0,70234) = 196,5866216 \text{ К}; \quad (1.11)$$

$$P_{\text{кр}} = 0,1737(26,831 - \rho_{\text{ст}}) = 0,1736(26,831 - 0,70234) = 4,535935376 \text{ МПа}. \quad (1.12)$$

Тұрақты қысымдағы қоспаның меншікті жылу сыйымдылығы:

$$c = 1,695 + 1,838 \cdot 10^{-3} \cdot T_{cp} + 1,96 \cdot 10^6 \cdot \frac{P_{cp} - 0,1}{T_{cp}^3} =$$

$$= 1,695 + 1,838 \cdot 10^{-3} \cdot 285,67 + 1,96 \cdot 10^6 \cdot (4,475758 - 0,1) / 285,67^3 =$$

$$= 2,58796 \text{ кДж}/(\text{кг} \cdot \text{К}) = 2,587956041 \text{ Дж}/(\text{кг} \cdot \text{К}). \quad (1.13)$$

Қоспаның келтірілген параметрлері:

$$T_{np} = \frac{T}{T_{кр}} = 285,67 / 196,587 = 1,453133811; \quad (1.14)$$

$$P_{np} = \frac{P}{P_{кр}} = 4,475758 / 4,53855 = 0,9867331. \quad (1.15)$$

Қоспаның динамикалық тұтқырлығы:

$$\mu = 5,1 \cdot 10^{-6} [1 + \rho_{ст} (1,1 - 0,104 \cdot \rho_{ст})] \cdot [0,037 + T_{np} (1 - 0,104 \cdot T_{np})] \cdot [1 + \frac{P_{np}^2}{30(T_{np} - 1)}] =$$

$$= 5,1 \cdot 10^{-6} \cdot (1 + 0,70234 \cdot (1,1 - 0,104 \cdot 0,70234)) \cdot (0,037 +$$

$$+ 1,453135 \cdot (1 - 0,104 \cdot 1,453135)) \cdot (1 + 0,9867^2 / 30 / (1,453135 - 1)) =$$

$$= 11,951 \cdot 10^{-6} \text{ Па} \cdot \text{с} = 11,951 \cdot 10^{-6} \text{ Па} \cdot \text{с}. \quad (1.16)$$

Джоуль-Томсон коэффициенті:

$$D_i = \frac{1}{c} \left( \frac{98 \cdot 10^4}{T_{cp}^2} - 1,5 \right) = 1000 / 2587,96 \cdot (980000 / 285,67^2)$$

$$= 4,060734611 \text{ К}/\text{МПа}. \quad (1.17)$$

Екі әдіспен алынған шамалар бір-біріне жуық.

Газ сығылғыштығы  $z$  шамасы әдетте  $z = z(T_{np}, P_{np})$  тәуелділігінде берілетін номограмма көмегімен табылады, ал магистральды газ құбырлары үшін төмендегі тәуелділік ұсынылған:

$$z = 1 - 0,4273 \cdot P_{np} \cdot T_{np}^{-3,668}. \quad (1.18)$$

$$\text{Яғни } z = 1 - 0,4273 \cdot P_{np} \cdot T_{np}^{-3,668} = 0,89301.$$

Технологиялық есептеулерде әдетте есептеулердің 2 - әдісін жиі қолданады. Сол шешімдерді келтіреміз.

Мөлдік массасы –  $M = 16,8795 \text{ г}/\text{моль}$ .

Газ қоспасының тұрақтысы –  $R = 492,551 \text{ Дж}/(\text{моль} \cdot \text{К})$ .

Газ қоспасының ауаға қатысты салыстырмалы тығыздығы -  $\Delta = 0,58285..$

Газ қоспасының стандарттық жағдайдағы

тығыздығы -  $\rho_{ст} = 0,70234 \text{ кг}/\text{м}^3$ .

Псевдокритикалық температура -  $T_{кр} = 193,539 \text{ К}$ ;

Қоспаның псевдокритикалық қысымы -  $P_{кр} = 4,62367 \text{ МПа}$ ;

Қоспаның меншікті жылу сыйымдылығы –  $c=2125,039$  Дж/(кг·К);  
 Қоспаның динамикалық тұтқырлығы -  $\mu=103,799$  мкПа·с;  
 Қоспаның келтірілген параметрлері -  $T_{кел}=1,45313$ ;  $P_{кел}=0,9867$ ;  
 Газ сығылғыштық коэффициенті -  $z=0,892948$ .  
 Джоуль-Томсон коэффициенті –  $D_i=4,0607$  К/МПа.

### 3.2 Құбырдың ішкі диаметрін табу

Құбырдың сыртқы диаметрі арнайы кестеге сәйкес тармақтың өткізу қабілеті  $Q_{год}=500$  млн. м<sup>3</sup>/жыл үшін 325 мм деп алынады. Ең үлкен жұмыс қысымы:  $P=5,4$  МПа. Құбырөткізгіштің жұмыс жағдайының коэффициенті  $m=0,9$ ; құбырөткізгіштің қызметі бойынша сенімділік коэффициенті  $k_H=1$  ( $D_H<1020$ мм). Сонда металдың созылу-сығылуға есептік кедергісі:

$$R_1 = \frac{mR_{H1}}{k_1k_H}. \quad (1.19)$$

Есетеуге 08ГБЮ III категория, 325 мм құбырды аламыз:  
 $R_{H1}=\sigma_B=510$  МПа, материал бойынша сенімділік коэффициенті  $k_1=1,4$ .

$$R_1 = \frac{mR_{H1}}{k_1k_H} = 0,9 \cdot 510 / 1,4 / 1 = 327,86 \text{ МПа}; \quad (1.20)$$

Ең көп қысымға шыдайтын газөткізгіш қабырғасының қалыңдығы:

$$\delta = \frac{nPD_H}{2(nP + R_1)} = 1,1 \cdot 5,4 \cdot 325 / 2 / (1,1 \cdot 5,4 + 327,86) = 2,9 \text{ мм}. \quad (1.21)$$

Стандарт бойынша  $\delta=6$  мм деп қабылдаймыз.

Құбырдың ішкі диаметрі:

$$D = D_H - 2\delta = 325 - 2 \cdot 6 = 313 \text{ мм}. \quad (1.22)$$

### 3.3 КС санын есептеу

Есептің шарты алдыңғы бөлімдерден белгілі құбыр параметрлерін ескергенде төмендегідей болады: ұзындығы  $L_{тр}=146,3$  км болатын магистральды газ құбыры арқылы жылына  $Q_{жыл}=0,5$  млрд. м<sup>3</sup>/жыл және параметрлері келесідей болатын газ тасымалданады:  $D=506$  мм;  $M=16,8795$  г/моль;  $\Delta=0,58285$ ,  $R=492,551$  Дж/(моль·кг),  $c=2587,96$  Дж/(кг·К);  $\mu=11,951$  мкПа·с;  $T_{ср}=285,67$ ;  $P_{ср}=4,476$ ;  $T_{пр}=1,453135$ ;  $P_{пр}=0,986$ ;  $z=0,89301$ ;  $D_i=4,02607$  К/МПа. Газ құбырының бастапқы қысымы  $P_H=5,4$  МПа,

соңғы қысымы  $P_k=3,4$  МПа, ал қысымдардың практикадан табылған тәулік ішіндегі ең кіші мәні

$P_{k \min}=1,2$  МПа, газдан қоршаған ортаға жылу берілу коэффициенті  $k=1,72$  Вт/(м<sup>2</sup>·К). Соңғы аралықтың газ жинақтау қабілеті ең үлкен болу шартынан компрессор стансаларының (КС) санын табу керек. Сол сияқты КС аралықтарының нақты ұзындығын, олардың соңындағы қысымның нақты шамасын және соңғы аралықтың газ жинақтау қабілетін есептеу керек.

Құбыр трассасының бастапқы және соңғы нивелирлік биіктіктері 252 және 92 м. Яғни  $\Delta z=252-92=160$  м < 200 м - биіктік әсерін ескермеуге болады.

Магистральды газ құбырындағы газдың тәуліктік коммерциялық шығыны:

$$Q_{\tau} = \frac{Q_{\text{жыл}}}{365k_{\text{и}}} = \frac{500}{365 \cdot 0,95 \cdot 0,98 \cdot 1} = 1,471 \text{ млн.м}^3/\text{тәулік}. \quad (1.23)$$

Бұл жердегі  $0,95 \cdot 0,98 \cdot 1 = k_{\text{и}}$  – магистральды газ құбырының өткізу қабілетін бағалау коэффициенті.

Тәуліктік коммерциялық шығынның өтпелі мәні:

$$Q_a = 0,04 \cdot \frac{D^{2,5} \cdot \mu}{\Delta} = 0,04 \cdot \frac{313^{2,5} \cdot 11,951 \cdot 10^{-6}}{0,58285} = 1,4216 \text{ млн.м}^3/\text{тәулік}. \quad (1.24)$$

Компрессор стансаларының аралығының бастапқы мәні:

$$L_0 = \frac{K_a^2}{Q_a^2} \cdot \frac{P_i^2 - P_e^2}{zT_{\text{ср}}\Delta}, \text{ бұл жерде } Q_{\tau} \geq Q_a \text{ болғандықтан } K_a = 16,7 \cdot 10^{-6} \cdot D^{2,6} \cdot \alpha \cdot \varphi \cdot E; \quad (1.25)$$

$\alpha = 1, E = 1, \varphi = 0,95$  деп алып, табамыз:  $K_a = 16,7 \cdot 10^{-6} \cdot 313^{2,6} \cdot 1 \cdot 1 \cdot 0,975 = 50,1345$ ;

$$L_0 = \frac{50,1345^2}{1,471^2} \cdot \frac{5,4^2 - 3,4^2}{0,8930 \cdot 285,67 \cdot 0,5828} = 137,42 \text{ км}; \quad (1.26)$$

Температураның орташа мәнінің дәл шамасын табу үшін Шухова параметрін есептейміз.

$$\text{Шу} = \frac{0,225kDL}{Q_{\tau}\Delta \cdot c} = 7,5000; \quad (1.27)$$

$$\text{Чу} = \frac{1 - e^{-\text{Шу}}}{\text{Шу}} = 0,1333; \quad (1.28)$$

$$T_{\text{ср}} = T_0 + (T_{\text{н}} - T_0)\text{Чу} - D_i \frac{P_{\text{н}} - P_{\text{к}}}{\text{Шу}} (1 - \text{Чу}) = 275,9 \text{ К}; \quad (1.29)$$

Орташа температураның табылған соңғы екі мәнінің айырмасы  $285,67 - 275,9 = 9,77 \text{ К} > 5 \text{ К}$ , яғни екі қатар есептелген жуықтаулардағы  $T_{\text{ср}}$  мәндерінің айырмасы  $5 \text{ К}$  шамасынан көп болып шықты, алынған нәтижені дұрыстау керек.

$$T_{\text{пр}} = \frac{T}{T_{\text{кр}}} = 275,9/196,587 = 1,4036; \quad z = 1 - 0,4273 \cdot P_{\text{пр}} \cdot T_{\text{пр}}^{-3,668} = 0,8785. \quad (1.30)$$

$$L_1 = \frac{K_a^2}{Q_r^2} \cdot \frac{p_n^2 - p_k^2}{z T_{\text{оп}} \Delta} = 144,62 \text{ км}. \quad (1.31)$$

$$\text{Шу} = \frac{0,225kDL}{Q_r \Delta \cdot c} = 7,893; \quad (1.32)$$

$$\text{Чу} = \frac{1 - e^{-\text{Шу}}}{\text{Шу}} = 0,1266; \quad (1.33)$$

$$T_{\text{оп}} = T_0 + (T_n - T_0) \text{Чу} - D_i \frac{p_n - p_k}{\text{Шу}} (1 - \text{Чу}) = 275,7 \text{ К}; \quad (1.34)$$

Орташа температураның табылған соңғы екі мәнінің айырмасы  $275,9 - 275,8 = 0,1 \text{ К} < 5 \text{ К}$ , яғни екі қатар есептелген жуықтаулардағы  $T_{\text{ср}}$  мәндерінің айырмасы  $5 \text{ К}$  шамасынан аз болып шықты, алынған нәтиже дұрыс.

Енді соңғы аралықтың ұзындығын есептейміз:

$$L_i = \frac{K_a^2}{2Q_0^2} \cdot \frac{p_{\text{imax}}^2 - p_{\text{emin}}^2}{z T_{\text{од}} \Delta} = 113,89 \text{ км}; \quad (1.35)$$

Осы аралыққа сәйкес магистральдыгаз құбырының газ жинақтау қабілеті:

$$V_{\text{акк}} = \frac{\pi D^2}{4} \cdot \frac{T_{\text{нò}}}{z T_{\text{онò}}} \cdot \frac{p_{\text{imax}} - p_{\text{emin}}}{p_{\text{нò}}} \cdot L_i = 0,445 \cdot 10^6 \text{ м}^3; \quad (1.36)$$

немесе  $V_{\text{акк}} = 0,445 \text{ млн. м}^3$ ;

Газ құбырының бойындағы аралық компрессор стансаларының есептік саны:

$$n_0 = \frac{L_{\text{тр}} - L_{\text{п}}}{L_1} = \frac{146,3 - 113,89}{144,62} = 0,22; \quad n = 1 \text{ деп аламыз}. \quad (1.37)$$

Сонда бүкіл құбыр тармағы соңғы аралық болып табылады. Осындай  $L = 146,3 \text{ км}$  аралықтың соңындағы қысымның нақты мәні:

$$p_{\text{èò}} = \sqrt{p_i^2 - \frac{z T_{\text{од}} L \Delta Q_0^2}{K_a^2}} = 3,37 \text{ МПа}; \quad (1.38)$$

Газдың КС аралығы соңындағы температурасы:

$$T_k = T_0 + (T_n - T_0) e^{-\text{Шу}} - D_i \frac{p_n - p_k}{\text{Шу}} (1 - e^{-\text{Шу}}) = 269,99 \text{ К}. \quad (1.39)$$



Яғни қоршаған орта температурасынан (271К) сәл төмен болып табылды.

### 3.4 Газ тарату станциясының қысым реттегішін таңдау

Өткізгіштігі 50000 м<sup>3</sup>/сағ болатын бір сатылы газ тарату стансасы үшін қысым реттегіш таңдау керек: Кірістегі қысым 3,37 МПа, ал шығысындағы қысым 1,2 МПа, газ температурасы  $T_1=271$  К, қалыпты жағдайдағы газ тығыздығы  $\rho_{\text{қал}} = \rho_{\text{ст}} \cdot 273/293 = 0,70234 \cdot 273/293 = 0,654$  кг/м<sup>3</sup>. (2.40)


Барометрлік қысымның мәні  $P_{\text{бар}}=0,1$  МПа деп алып, қысым реттегішке кіріердегі және шығардағы қысымдарды есептейміз:

$$P_1 = 3,37 + 0,1 = 3,47 \text{ МПа}; \quad (1.41)$$

$$P_2 = 1,2 + 0,1 = 1,3 \text{ МПа}. \quad (1.42)$$

Қысым реттегіштің дроссельдеу ортасындағы газ ағыны режимін анықтаймыз:

$$\frac{\Delta P}{P_1} = \frac{3,47 - 1,3}{3,47} = 0,63. \quad (1.43)$$



2 Сурет - Тығыздық өзгерісіне түзету коэффициенті.

Ағыс режимі аумалы. 2 – суретке сәйкес тығыздық өзгерісіне түзетуді аламыз  $\epsilon_{\text{кр}}=0,74$  (табиғи газ үшін адиабаталық көрсеткіш  $k=1,3$ ). Қысым реттегіштің өткізгіштік коэффициентін келесі формула арқылы табамыз:

$$k_v = \frac{Q}{5260 \cdot \varepsilon_{кр} \cdot P_1 \cdot \sqrt{\frac{(\Delta P / P_1)_{кр}}{\rho_H \cdot T_1}}} = \frac{50000}{5260 \cdot 0,74 \cdot 3,47 \cdot \sqrt{\frac{0,5}{0,654 \cdot 271}}} = 69,70 \text{ м}^3/\text{сағ}. \quad (1.44)$$

Кестеден өткізгіштік коэффициенті есептік  $k_v = 108$  коэффициентке жақын болатындай етіп РДУК-2-100/70 қысым реттегішін табамыз және қысым реттегіштің  $k_v = 74 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $P_1 = 3,47 \text{ МПа}$ ;  $T_1 = 271 \text{ К}$  және  $\rho_{\text{кал}} = 0,654 \text{ кг/м}^3$  кезіндегі өткізгіштік қабілетін анықтаймыз:

$$Q_{\phi} = 5260 \cdot k_v \cdot \varepsilon_{кр} \cdot P_1 \cdot \sqrt{\frac{(\Delta P / P)_{кр}}{\rho_{\text{кал}} \cdot T_1}} = 5260 \cdot 74 \cdot 0,74 \cdot 3,47 \cdot \sqrt{\frac{0,5}{0,654 \cdot 271}} \approx 53087 \text{ м}^3/\text{сағ}. \quad (2.45)$$

Өткізу қабілеттілігі қажетті көлемнен 6% - ке көп, бірақ бұл ҚМЖЕ II-13-04 ережесін қанағаттандырады.

### 3.5 Одоризаторды ретке келтіру есебі

Газ өткізгіштік қабілеттілігі  $Q_{\text{тәу}} = 50000 \text{ м}^3/\text{тәу}$  автоматты газ тарату стансасы үшін газды иістендіргіш межесі  $1000 \text{ м}^3$  газға  $16 \text{ граммды}$  құрайды. Ал қазіргі иістендіргіш беру  $1000 \text{ м}^3$  газға меркаптан  $\text{C}_2\text{H}_5\text{SH} = 14 \text{ грамм}$  болып тұр. 4 және 5 – кестелерді пайдалана отырып, одоризаторды ретке келтіру керек.

4 Кесте – Иістендіргіш межесі  $0,016 \text{ гр/м}^3$  болған кезде тамшыға және миллилитрге айналдыру

| Газ шығыны,<br>$\text{м}^3/\text{сағ}$ | Иістендіргіш<br>мөлшері, $1000 \text{ м}^3$ -<br>қа $16 \text{ гр}$ қалпы<br>кезінде | Тамшылар саны,<br>тамшы/мин | Тамшы өлшері,<br>мл/мин |
|--|--|-----------------------------|-------------------------|
| 100                                    | 1,6  | 1                           | 0,04                    |
| 500                                    | 8  | 4,1                         | 0,16                    |
| 1000                                   | 16   | 8,2                         | 0,32                    |
| 2000                                   | 32   | 16                          | 0,66                    |
| 3000                                   | 48   | 25                          | 0,98                    |
| 4000                                   | 64   | 32                          | 1,31                    |
| 5000                                   | 80   | 41                          | 1,64                    |
| 6000                                   | 96   | 49,2                        | 1,96                    |
| 7000                                   | 112  | 57,4                        | 2,24                    |
| 8000                                   | 128  | 64                          | 2,62                    |
| Газ шығыны,<br>$\text{м}^3/\text{сағ}$ | Иістендіргіш<br>мөлшері, $1000 \text{ м}^3$ -  | Тамшылар саны,<br>тамшы/мин | Тамшы өлшері,<br>мл/мин |

|       |                           |      |       |
|-------|---------------------------|------|-------|
|       | қа 16 гр қалпы<br>кезінде |      |       |
| 9000  | 144                       | 73,8 | 2,88  |
| 10000 | 160                       | 82   | 3,28  |
| 25000 | 400                       | 205  | 8,2   |
| 50000 | 800                       | 410  | 16,4  |
| 75000 | 1200                      | 616  | 24,65 |

5 Кесте – Иістендіргіш межесі 0,811 гр/м<sup>3</sup> болған кезде тамшыға және миллилитрге айналдыру

| Иістендіргіш тамшысы<br>саны | Иістендіргіштің мөлшері,<br>мл | Иістендіргіш<br>мөлшері, гр |
|------------------------------|--------------------------------|-----------------------------|
| 1                            | 0,04                           | 0,0324                      |
| 2                            | 0,08                           | 0,0649                      |
| 5                            | 0,20                           | 0,1622                      |
| 10                           | 0,40                           | 0,3244                      |
| 15                           | 0,60                           | 0,4666                      |
| 20                           | 0,80                           | 0,6488                      |
| 25                           | 1,00                           | 0,8110                      |
| 31                           | 1,23                           | 1,0000                      |
| 40                           | 1,60                           | 1,2976                      |
| 50                           | 2,00                           | 1,6220                      |

Сонда берілуі керек және беріліп отырған иістендіргіш мөлшері арасындағы айырмашылығы 16-14=2 гр.

Жетіспейтін иістендіргіш мөлшері мынаған тең:

$$Q_{\text{тәул}}=50000 \cdot 2/1000 = 100 \text{ гр/тәул.} \quad (1.46)$$

$$Q_{\text{одор}}=100/(24 \cdot 60) = 0,0694 \text{ гр/мин;} \quad (1.47)$$

Граммды тамшы/мин ауыстырамыз:

$$0,0694/0,03244=2,14 \text{ тамшы/мин;}$$

Сонда тәуліктік иістендіргіш шығынын анықтаймыз:

1) Қазіргі кезде газға қосылып тұрған иістендіргіш мөлшері

$$Q_{\text{одор}}=14 \cdot 50/0,03244=21578 \text{ тамшы/тәул.} \quad (1.48)$$

2) Жетіспейтін иістендіргіш мөлшері

$$Q_{\text{одор}}=2,14 \cdot 1440=3082 \text{ тамшы/тәул.}$$

Сонда тәуліктік иістендіргіш шығыны мынаған тең:

$$Q_{\text{одор}}= 21578+3082=24660 \text{ тамшы/тәул.}$$

#### 4. Экономикалық бөлім

Газ өнеркәсібіндегі табиғи газды таратуда кеңінен таралған жүйе болып екі сатылы реттеу жүйесі табылады. Магистралды газ құбырларынан газды газ тарату стансаларынан (ГРС) газ тарату пункттеріне дейін (ГРП) орта немесе жоғары қысымды газ желілері арқылы тасымалданады. Ол жерде газ қысымы реттеледі де төмен қысымды газ өткізгіштеріне бағытталады. Төмен қысымды желіден газ негізгі коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға және ұсақ өнеркәсіптерге беріледі. Өндірістік және ірі коммуналдық өнеркәсіп орындары, сонымен қатар, қуаты үлкен аудандық және кварталдық жылыту қазандықтары орта немесе жоғары қысымды газ құбырөткізгішіне қосылады. Кейбір жағдайларда орта немесе жоғары қысымды газды екі сатылы реттеу тораптары бар қалаларда газ тарату стансаларынан (ГРС) өндірістік және ірі коммуналдық өнеркәсіп орындарына немесе газ тарату стансаларынан (ГРС) қалаға жақын орналасқан елді мекендерге газды тікелей беретін арнайы газ құбырлары жалғанады.

Төмен қысымды газ тарату тораптары шағын аудандарға немесе олардың топтарына бөлек жобаланып, есептеледі. Сондықтан, олардың технико – экономикалық көрсеткіштері қалалардың жалпы көлемі мен олардан газ тарату стансаларына дейінгі ара қашықтыққа байланысты болмайды.

Орта және жоғары қысымды газ құбырларының технико – экономикалық көрсеткіштері, соның ішінде оның ұзындығы, құны мен металл ауқымы, газды тек коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану кезінде елді мекедегі халықтың тығыздығына белгілі бір шамада тәуелді болады. Оларда қала территориясының өлшемдері және газ тарату стансаларының, магистралды газ құбырларының және тұрғын аудандарының өзара орналасу ерекшеліктері көрсетілгенмен, олардың әсерлері басқа да қосымша газ тарату стансаларын салу кезінде нейтралданады.

Ереже бойынша, газ тарату стансаларын газ тұтыну әсері көрсеткіштері үлкен ірі тұтынушыларға максимал жақын орналастырады. Ұсақ, сондықтан пайдасы аз тұтынушыларға басқалай тиімділігі төмен жағдайлар жасалады

#### 4.1 Күрделі қаржы мен негізгі қорлар

Өткізгіштігі 50 мың м<sup>3</sup>/сағ, 12 шығу тізбегі және оператор үйі бар автоматтандырылған газ тарату стансасын салу кезіндегі өндірістік нысанның құны 814,6 млн. теңге, соның ішінде құрылыс – жинақтау жұмыстары 372,9 млн. теңге, жабдықтар – 428,6 млн. теңге, басқалар – 13,1 млн. теңге. Операторлар үйінің құны – 278,4 млн. теңге. Барлығы 1090,5 млн. теңге. Күрделі қаржының (капитальное вложение) құрылымдық құрамы б – естеді көрсетілген.

6 кесте - Күрделі қаржының құрылымдық құрамы

| Жұмыс, шығын атаулары |                              | Шығын мәндері |       |
|-----------------------|------------------------------|---------------|-------|
|                       |                              | млн.теңге     | %     |
| 1                     | Құрылыс – жинақтау жұмыстары | 372,9         | 34,2  |
| 2                     | Жабдықтар                    | 428,6         | 39,3  |
| 3                     | Басқадай шығындар            | 13,1          | 1,2   |
| 4                     | Өндірістік емес нысандар     | 275,9         | 25,3  |
| Барлығы               |                              | 1090,5        | 100,0 |

#### 4.2 Пайдалану шығындары

Автоматты газ тарату стансасының өндірістік сипаттамаларын біле отырып, пайдалану шығындардың сметаларын (немесе айналым сметаларының шығындарын) құрастыруға болады. Айналым сметаларының шығындарына автоматты газ тарату стансасының жыл ішіндегі пайдаланылуына кеткен шығындары кіреді. Пайдалану шығындар келесілерден тұрады:

- қызметкерлерге төленетін жалақы;
- реагенттер мен өндірістік материалдар;

- энергетикалық шығындар (өзіне жұмсалған газ, электр энергиясы, су);
- негізгі қор амортизациясы;
- жөндеу;
- ғимараттардың, имараттардың, жабдықтар мен құралдардың күтіміне кеткен шығындар;
- басқа да жалпы шаруашылық шығындар (газдың шығып кетулерден жоғалуларын қоса алғанда).

Шығындардың негізгі бөлігі қызметкерлерге төленетін жалақы, энергетикалық шығындар және негізгі қор амортизациясынан тұрады.

Қызметкерлерге төленетін жалақыға жұмысшылардың жалақылары кіреді. Автоматты газ тарату стансасының персоналдар саны – 4 адам.

«2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы 2015 жылға арналған ең төменгі жалақының мөлшері - 21 364 теңге екенін ескере отырып, табамыз.

Еңбекақы төлемінің жылдық қоры:

$$ФОТ_{\text{жыл}} = 21364 \cdot T_{\text{ст}} \cdot K_p \cdot K_b \cdot K_э \cdot K_{\text{п}} \cdot 4 \cdot 12, \quad (3.1)$$

$T_{\text{ст}}$ , – тарифтік ставка  $T_{\text{ст}} = 7,39$ ;

$K_p$  – аудандық коэффициент,  $K_p = 1,14$ ;

$K_b$  – қауіпсіздік коэффициент,  $K_b = 1,25$ ;

$K_э$  – экологиялық коэффициент,  $K_э = 1,2$ ;

$K_{\text{п}}$  – сыйақы коэффициенті,  $K_{\text{п}} = 1,22$ ;

4 – жұмысшылардың жалпы саны;

$$ФОТ_{\text{жыл}} = 21364 \cdot 7,39 \cdot 1,14 \cdot 1,25 \cdot 1,2 \cdot 1,22 \cdot 2 \cdot 12 = 7\,904,86 \text{ мың теңге.}$$

Еңбекақының төлемдері негізгі еңбекақы қорынан қабылданған ережелер бойынша жүргізіледі. Негізгі аударым – кіріс салығы (подходный налог, 10 %) және зейнетақы қорына жұмсалатын салық (10 %). Барлығы 20 % құрайды. Барлығы

$$7\,904,86 \text{ мың теңге} \cdot 0,20 = 1\,580,97 \text{ мың теңге.}$$

Автоматты газ тарату стансасы энергияны көп пайдаланатын тұтыну көзі болып табылмайды. Өз қажеттіліктеріне газ жұмсалады, ал бу пайдаланылмайды. Электр энергиясы да үлкен мөлшерде пайдаланылмайды.

Электр энергиясын көп шығындайтын тек жарықтандыру көздері болып табылады. Электр энергиясын автоматика және жылытуға да жұмсалады. Автоматты газ тарату стансасындағы жылдық электр энергиясының шығыны 150 мың кВт·сағ деп бағаланады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің хабарламасы бойынша электр энергиясы құнын төмендетудің 2-кезеңіндегі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша электр энергиясының орташа босату бағасы ("Солтүстік Энерго Орталық" ЖШС) 17,18 теңге/кВт·сағ. Сонда автоматты газ тарату стансасындағы жылдық электр энергиясының құны

$$17,18 \text{ теңге/кВт}\cdot\text{сағ} \cdot 150 \text{ мың кВт}\cdot\text{сағ} = 2\,577,0 \text{ мың теңге}$$

Пайдаланылған су құнын есептеуде өндірістік қажеттіліктерге межелерге сәйкес жұмсалатын  $\text{м}^3$  – де өлшенетін су мөлшерін тариф бойынша  $1 \text{ м}^3$  бағасы арқылы есептейді. ГТС жылына шамамен  $1200 \text{ м}^3$  су жұмсайды. Петропавл қаласы үшін 2016 жылға дейінгі заңды тұлғаларға арналған су тарифы стоимость воды  $190 \text{ теңге/м}^3$ .

$$190 \text{ теңге/м}^3 \cdot 1,2 \text{ мың м}^3 = 228,0 \text{ мың теңге.}$$

Коммуналдық шығын төлемдері:

$$19 \text{ теңге/м}^3 \cdot 0,8 \text{ мың м}^3 = 15,2 \text{ мың теңге}$$

#### 4.2.1 Негізгі қорлар амортизациясы

Амортизациялық шығындарды есептеу үшін негізгі қордың барлық түрлері мен олардың амортизация межелерінің бастапқы немесе баланстық құнын белгілеу керек. Амортизацияның шектік межелері Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген.

Амортизациялық шығындардың шамасын негізгі (баластық) қордың бағасын амортизациялық шығын межесіне көбейту арқылы есептейді.

7 Кесте – Амортизация сомасын есептеу

|   | Негізгі қорлар  | Сомасы,<br>млн.<br>теңге | Амортизациялық<br>шығын межелері, % | Амортизация<br>сомасы, млн.<br>теңге |
|---|---|--------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 | Өндірістік ғимарат<br>соның ішінде: газ<br>қысымы мен көлемін<br>өлшегіш, қысымды<br>реттеу торабы,<br>одоризатор | 42<br>8,6                | 8                                   | 34,3                                 |
| 2 | Сүзгілер  | 40<br>1,5                | 12                                  | 48,2                                 |
| 3 | Басқа жабдықтар   | 12<br>2,3                | 10                                  | 12,2                                 |
| 4 | Басқа нысандар  | 27<br>5,9                | 8                                   | 22,1                                 |
| 5 | Электрмен және сумен<br>қамтамасыз ету<br>тораптары   | 21<br>5,3                | 7                                   | 15,1                                 |
| 6 | Оператор үйі  | 27                       | 4                                   | 11,1                                 |

|  |         |        |       |
|--|---------|--------|-------|
|  |         | 8,4    |       |
|  | Барлығы | 1722,0 | 143,0 |

#### 4.2.2 Жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар

Бұл бөлімдегі есептеулер жөндеу жұмыстарының анықтау графигі мен сметалары негізінде жүргізіледі.

Бұл шығындарға өзінің және басқа да ұйымдардың жүргізген жөндеу жұмыстарына, қызметтерге кеткен материалдардың, жанармайдың және судың құндары кіреді.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражат негізгі өндірістік қордың құнының шамамен 1,2% бөлігін алады.

$$1722,0 \text{ млн. теңге} \cdot 0,012 = 20,7 \text{ млн. теңге}$$

#### 4.2.3 Басқадай шығындар

Қалған басқа да шығындар (өндірістік материалдар, нсандар мен ғимараттарды күтуге жұмсалған, жабдықтар мен құралдар, көлік, байланыс арналарын қамтамасыз етуге кеткен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы) басқа шығындар құрамына жатады.

Оларды шамамен аударылатын еңбекақылардың қорының 25% құрайды деп есептейді.

$$(7\,904,86 + 1580,97) \cdot 0,25 = 2371,46 \text{ мың теңге.}$$

Автоматты газ тарату стансасы бойынша жылдық пайдалану шығындар келесідей болады:

$$7\,904,86 + 1580,97 + 2577,00 + 228,0 + 15,20 + 20700 + 2371,46 = \\ = 35377,49 \text{ мың теңге} \approx 35,38 \text{ млн. теңге.}$$

Автоматты газ тарату стансасы арқылы өтетін газдың өнімділігі жылына  $50 \text{ мың м}^3/\text{сағ} \cdot 24 \cdot 365 = 438,0 \text{ млн. м}^3$  болатын болса, қысымы реттелген  $1000 \text{ м}^3$  газдың өзіндік құны мынаны құрайды:

$$\frac{35,38 \cdot 1000}{438} = 80,78 \text{ теңге}/1000 \text{ м}^3.$$

#### 4.3 Ағымдағы құнның алдағы бағасын есептеу



Инвестжобадан күтілетін пайданы есептеу үшін қолданылатын негізгі әдіс уақытты есептегендегі ақша құны болып табылады.

Пайда түсу ағындары жыл мезгілдерінен тәуелді болатын капитал салу немесе қаржыландырумен байланысты кез-келген шешімдер уақыт факторымен қоса есептеген ақша құнының концепция ұғымын талап етеді.

Қарыздың негізгі сомасы – қарызға алынған немесе салынған ақша сомасы.

Қарыз уақыты, бұл – қарыз төленіп бітуі тиіс уақыт бөлігі немесе уақыттар саны.

Пайыздар негізгі сомадан және таза құннан алынады.

Таза ағымдағы баға инвестицияның пайдалылығын есептеу үшін жасалынады. Таза ағымдағы баға белгілі пайыздық өлшеммен қойылған дисконтталған күтіліп отырған ақшалай кірістердің инвестицияның бастапқы сомасынан қаншаға көп екендігін көрсетеді.

Инвестицияланған ағынның таза ағымдағы бағасы (*ЧТС*) алдағы уақыттағы таза ақша кірістерден (*ЧДС*) жоба бойынша таза инвестиция құнын алып тастағанға тең:

$$ЧТС = ОЧП - КВ \quad (3.2)$$

немесе

$$ЧТС = \sum_{i=1}^n \frac{ОЧП}{(1+i)^i} - КВ, \quad (3.3)$$

Осылайша *ЧТС* көрсеткіші жобаның барлық уақытындағы инвестициядан түсетін ағымдағы құннан сол уақыттағы барлық шығындар мен капитал салынымдарды алып тастағанға тең. *ЧТС* мәні оң таңбалы болған жағдайда, яғни, алдағы күтілетін ақша ағымдары алғашқы салынған инвестициялық жобаның құнын толық жабатын болса, онда инвест жоба тиімді деп есептеледі де, *ЧТС* мәні теріс болса, бұл жобадан бас тартады.

*ЧТС* ережесі:  $ЧТС > 0$ , онда  $ОЧП > КВ$ ,

$ЧТС < 0$ , онда  $ОЧП < КВ$

Бес жылдағы күтіліп отырған ақшалай таза ағыны 215 млн. теңге,  $i=1,15$  болсын. Сонда

$$ЧТС = \frac{215}{1,15} + \frac{215}{1,15^2} + \frac{215}{1,15^3} + \frac{215}{1,15^4} + \frac{215}{1,15^5} - 1722,0 = 720,7 \text{ млн. теңге.}$$

$ЧТС > 0$  – жоба тиімді.

#### 4.4 Тиімділіктің ішкі межесін есептеу

Инвестиция бойынша кірістерді есептеудің кең таралған әдісі – тиімділіктің ішкі межесін есептеу (*ВНП*) немесе ақша ағындарын дисконттау (*ДДП*) әдісі.

Тиімділіктің ішкі межесі – таза ағымдағы құн (*ЧТС*) нөлге тең болатындай қабылданған дисконттау межесі.

$$\sum_{t=1}^n \frac{ОЧПДС_t}{(1+R)^t} = KB. \quad (3.4)$$

*ВНП* ережесі бойынша, егер *R* инвестор талап еткен пайыздық мөлшерден артық болса, онда жоба тиімді болып есептеледі.

*ВНП* және *ЧТС* критерийлері өзара байланыста болады, яғни:

*ЧТС* > 0, онда *ВНП* > *i*,

*ЧТС* < 0, онда *ВНП* < *i*

Формулаға өз берілгендерімізді қойсақ, келесі мәліметтерді аламыз:

$$720,7 \left[ \frac{1}{1+k} + \frac{1}{(1+k)^2} + \frac{1}{(1+k)^3} + \frac{1}{(1+k)^4} + \frac{1}{(1+k)^5} \right] = 1722,0$$

$$\frac{KB}{ОЧП} = \frac{1722,0}{720,7} = 2,40.$$

Инвестициялық жобаның құнының өтелу мерзімі жоба бойынша күтілетін қаржылай пайдалар жиынтығы инвестицияның бастапқы құнына тең болады.

Жыл сайынғы қаржы түсімдері бірдей болғандықтан инвестициялық жобаның құнының өтелу мерзімі мынандай қатынас түрінде көрсетіледі:

$$T_{ок} = \frac{KB}{П} \quad (3.5)$$

$$T_{ок} = \frac{1722,0}{720,7} = 2,40 \text{ жыл.} \quad (3.6)$$

#### 4.5 ГТС қызметінің тарифтерін есептеу

Пайдалану шығындарды есепке алғандағы кірістер негізінде автоматты газ тарату стансасындағы шығын көрсеткіші – бір мың шаршы метр газдың қысымын төмендету құны анықталады.

Жылдық кіріс:

$$Д = E_n \cdot KB \cdot K_n + Э, \quad (3.7)$$

мұндағы,  $E_n$  – күрделі қаржының тиімділік коэффициенті,

$K_H$  – пайдаға салынатын салық – 30%,

$$K_H = 100/70 = 1,429. \quad (3.8)$$

$$D = 0,25 \cdot 1722,0 \cdot 1,429 + 35,38 = 650,56 \text{ млн. теңге.} \quad (3.9)$$

1000 м<sup>3</sup> тарифы:

$$T\phi = \frac{D}{Q}, \quad (3.10)$$

мұндағы,  $Q$  – төмендеу көлемі,  $Q = 8,03$  млн.м<sup>3</sup>;

$$T\phi = \frac{650,56}{8,03} = 81,02 \text{ теңге/1000 м}^3. \quad (3.11)$$

#### 4.6 Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер

8 Кесте – Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер

|   | Көрсеткіш атауы   | Өлшем бірлігі             | Көрсеткіш мәні  |
|---|---|---------------------------|-----------------|
| 1 | ГТС өнімділігі  | мың м <sup>3</sup> /сағ   | 50              |
| 2 | Шығу тізбегі  | дана                      | 4               |
| 3 | Нысан құрылысының құны,<br>соның ішінде: құрылыс-<br>жинақтау жұмыстары | млн. теңге                | 1722,0<br>372,9 |
| 4 | Жабдықтар   | млн. теңге                | 428,6           |
| 5 | Жылдық пайдалану шығындар   | млн. теңге                | 35,38           |
| 6 | Тариф   | теңге/1000 м <sup>3</sup> | 81,02           |
| 7 | Құнын қайтару мерзімі   | жыл                       | 2,4             |

#### 4.7 Өндірістің шекті нүктесі

Барлық өндірістік факторлардың шығындарының жиынтығы өндіріс шығындары деп аталады. Өндірістің экономикалық тиімділігіне өндірістің барлық шығындары кіріспен жабылған кезде ғана қол жеткізіледі.

Барлық тартылатын жұмыстар толық қуаттылық деңгейінде істелсе пайда әкеледі. Өндірістік қуаттылығы деңгейінен төмен деңгейде жұмыс атқаратын жобалар нәтижелерінде кірістер барлық шығындарды толық жаба алмайды. Өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі жоғарылаған сайын жалпы кірістер толық шығындарға теңеседі деп үміттенуге болады.

Мұндай нүктеде пайда да шығын да болмайды. Мұндай жағдай шығынсыздық жағдайы деп аталады.

Жылдық өндірістік шығындарды есептеу үшін тұрақты және айнымалы шығындарды (қуаттылықтың жүктілігіне байланысты) белгілеу қажет.

Айнымалы шығындар – өндіріс көлеміне пропорционал өзгеріп отыратын шығындар.

Тұрақты шығындар – белгілі мерзім ішінде өндіріс көлемі өзгерген кезде өзгеріссіз қалатын шығындар:

- Жабдықтар мен ғимараттар амортизациясы;
- жалдау және лизинг;
- өндірістік қызметкерлер еңбекақысы;
- қызметкерлер мен басқару аппаратының еңбекақысы;
- әкімшілік шығындар;
- әлеуметтік сақтандырулар аударымдары;
- кредиттер пайызы.

Тұрақты және айнымалы шығындарды анықтай отырып, пайдалылық табалдырығын немесе шығынсыздық нүктесін, яғни, шығындарды жабатындай етіп тауарды өндіру немесе сату көлемін табамыз.

Шығынсыздық талдауының мәні шығынсыздық графигінде анық көрінеді.

Тұрақты және айнымалы шығындарды көрсетеміз. Тұрақты шығындарға ФОТ, еңбекақы аударымдары, амортизациялық аударымдар жатады. Олардың қосындысы мынаны құрайды:

$$\mathcal{E}_{\text{тұр}} = 7\,904,86 + 1\,580,97 + 143,00 = 9\,628,8 \text{ мың теңге.} \quad (3.12)$$

Айнымалы шығындарға электр энергиясының, судың, өндірістік қалдықтарды шығару құндары, жөндеу қоры, басқа да шығындар кіреді.

Олардың қосындысы мынаны құрайды:

$$\mathcal{E}_{\text{айн}} = 2\,577,0 + 228,0 + 15,2 + 112,8 + 2\,371,46 = 5\,304,46 \text{ мың теңге.} \quad (3.13)$$

Үлесті айнымалы шығындар:

$$C_{\text{ул}}^{\text{айн}} = \frac{\mathcal{E}_{\text{айн}}}{\text{газ\_көлемі}} \quad (3.14)$$

$$C_{\text{ул}}^{\text{айн}} = \frac{5\,304,46}{81,02} = 65,47 \text{ теңге/1000 м}^3. \quad (3.15)$$

Шығынсыздық нүктесін алгебралық әдіспен есептеу:

$$T_6 = \frac{\mathcal{E}_{\text{тур}}}{T\phi - C_{\text{ул}}^{\text{айн}}}, \quad (3.16)$$

мұндағы,  $\mathcal{E}_{\text{тур}}$  – тұрақты пайдалану шығындар;  $T\phi$  – тариф.

$$T_6 = \frac{9628,28}{81,02 - 65,47} = 489,2 \text{ млн. м}^3. \quad (3.17)$$

Осылайша, автоматты газ тарату стансасы жылына 489,2 млн. м<sup>3</sup> газ қысымын реттейтін болса, онда экономикалық жағынан тиімсіздікке ұшырамайды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жобада Петропавл қаласының автоматты газ тарату станциясын салу жобасы қарастырылды.

Дипломдық жобаның технологиялық бөлімінде автоматты газ тарату станциясының әрбір жабдығы жеке – жеке қарастырылып жобаланды. Есепеулер мен бұрыннан белгілі мәліметтерге сүйене отырып, негізгі жобалық шешімдер қабылданды. Соның нәтижесінде газ тарату станциясының негізгі жабдықтары таңдалады. Арнайы бөлімінде негізгі жабдықтардың жұмыстық параметрлері және реттелетін газдың физика – химиялық қасиеттері есептелінді. Экономикалық бөлімде газ тарату станциясын салуға жұмсалған шығындар, оның жұмыс істеуіне кететін шығындар және салынан инвестицияның қайтарылу мерзімі анықталды.

Мұндағы мәселелер өз шешімдерін Қазақстан Республикасының ҚМЖЕ және Заңдарына сәйкес тапты.

Жобада қабылданған шешімдер аталмыш газ тарату станциясын газды тұтынушыларға үздіксіз әрі қауіпсіз беруді қамтамасыз етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Методология определения резервов пропускной способности газораспределительных станций ПАО «Газпром» / В.А. Михаленко, В.В. Тарасов, А.В. Кузема и др. // Газовая промышленность. – 2015. – № 12. – С. 40–44.
2. Дальний транспорт газа/ Е.А.Никитенко// «Недра» - 1970.
3. Автоматизация нефтегазовых объектов/ Ж.Жубандыкова, Е.Котик.// Астана – 2015.
4. Распределительные системы газоснабжения/ Д.Б.Баясанов, А.А.Ионин// Москва. Стройиздат – 1977
5. Яковлев Е. И. Газовые сети и газохранилища. М., Недра, 1991.
6. Плотников В. М. Регуляторы давления газа. Л., Недра, 1982.
7. Рябцев Н. И. Газовое оборудование, приборы и арматура. Анықтамалық нұсқау.
8. Ионин А. А. Газоснабжение. М., Стойиздат, 1981.
9. Ионин А. А.. Надежность городских систем газоснабжения. М., Стройиздат, 1980
10. Шур Н. А. Газорегуляторные пункты и установки. Л., Недра, 1985.
11. Новоселов В.Ф. типовые расчеты при проектировании и эксплуатации газопроводов. М., Недра, 1982.

12. Дубинский Н. М. Надежность систем газоснабжения. Киев, Техника, 1970.
13. Алиев Р. А. Газовые сети и газохранилища. Есептер мен жаттығулар жиынтығы. М., ИНИ им. И. М. Губкина.
14. Қазақстан Республикасының ҚМЖЕ 2.01.01-02 «Құрылыс климатологиясы және геофизикасы».
15. Қазақстан Республикасының ҚМЖЕ 3.02.01-03 «Жер имараттары, негіздер мен іргетастар».
16. Қазақстан Республикасының ҚМЖЕ II-89-02 «Өндірістік өнеркәсіп орындарының бас жоспары».
17. ҚМЖЕ II 37 – 76. Газоснабжение. Внутренние и наружные устройства. М., Стройиздат, 1977

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженерия» кафедрасы

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

Дипломдық жоба

5B070800 – Мұнай газ ісі

Тақырыбы: Петропавл газ тарату станциясының жобасы

Петропавл газ тарату станциясының жобасын дайындаған топ мүшелері 2018 жылдан бері ізденушілік жұмыстарын жүргізуде. Тақырып бойынша студенттер алдыңғы оқу жылындағы «Газ қоймалары және газ желілері» пәнін меңгерген уақытта газ тарату станциясының негізгі түсініктемелерімен таныс болған.


Дипломдық жобада жұмыстың мақсаты мен міндеті, практикалық қолданылымы, өзектілігі, зерттеу әдістері талданған. Жоба бойынша газ тарату станциясының газды тұтынуды өлшеу мен есептеудің дәлдігі жағынан тиімді жақтары қарастырылып, Петропавл газ тарату станциясының жобасына талдау жасалынған және негізгі жобалық шешімдер қарастырылып зерттелген.

Дипломдық жобаны құрастыру үшін студенттер ғылыми - теориялық, ғылыми - әдістемелік әдебиеттерден, кітап жазбалар мен өздерінің іс-тәжірибелерін пайдаланған. Жобаға негізгі әдеби шолу жасалынған. Студенттердің жұмысы қойылған талапқа сай қажетті тізімдер мен тарауларды қамтиды. Жобада баяндалған мәселелер әр тақырыпшаға сай іріктелген, мысалдары, сызба - кестелері, есептік талдаулары жеткілікті.

Диплом жұмысын орындаушы топ тақырыпты толық ашуға әрекет еткен. Тұжырым, дәлелдемелері ғылыми негізде тиянақталған.

Дипломдық жоба – жоба талабына сай жазылған және топтың әр мүшесінің өзіндік үлесі бар.

Ғылыми жетекші

 Даиров Ж.Қ.  
«13» \_\_\_\_\_ 2019 ж



## Отчет подобия



|   |  |
|---|--|
| Университет:                              | Satbayev University  |
| Название:                                 | ҒАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ. ОМАРБЕК, БАКТЫГЕРЕЙ, ТАТТЫГАЛИ, ТОРЕШ - DairovZh.doc |
| Автор:                                    | ОМАРБЕК, БАКТЫГЕРЕЙ, ТАТТЫГАЛИ, ТОРЕШ                                      |
| Координатор:                              | Жасулан Дайров   |
| Дата отчета:                              | 2019-05-08 12:37:57  |
| Коэффициент подобия № 1:                  | <b>22,8%</b>   |
| Коэффициент подобия № 2:                  | <b>16,0%</b>   |
| Длина фразы для коэффициента подобия № 2: | <b>25</b>  |
| Количество слов:                          | 9 850  |
| Число знаков:                             | 74 066   |
| Адреса пропущенные при проверке:          |  |
| Количество завершенных проверок:          | 28   |



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.

**Количество выделенных слов 136**

>> Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

### Детали отчета подобия

Фрагменты, найденные в документах базы данных отмечены **красным цветом**.

Фрагменты, найденные в интернете отмечены в **зеленый**.

Фрагменты, найденные в базе данных Юридических актов отмечены синим фоном.